

Бейкутова Арайлым Муратбековнаның «8D01721 – Шетел тілі педагогтарын даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген

ШКІР

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі өзекті ғылыми-педагогикалық бағыттардың бірі – болашақ журналистердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі жаһандану жағдайында ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы, медиакеңістіктің күрделенуі және халықаралық кәсіби коммуникацияға қойылатын талаптардың артуымен айқындалады. Қазіргі заманғы журналист маман тек шетел тілін меңгеріп қана қоймай, медиамәтіндерді сыни талдай алатын, цифрлық платформаларда кәсіби деңгейде коммуникация жасайтын және ақпаратты тиімді өңдей алатын интегративті дағдылар жүйесіне ие болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда зерттеуде қарастырылған шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілік болашақ журналист тұлғасының кәсіби даярлығының негізгі нәтижелік көрсеткіші ретінде негізделген.

Диссертациялық жұмыс құрылымы ғылыми талаптарға сәйкес жүйеленген, мазмұны логикалық тұтастыққа ие және зерттеу мақсаты мен міндеттерін кешенді түрде ашуға бағытталған. Автор шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілікті көпкомпонентті құрылым ретінде қарастырып, оның лингвопрагматикалық, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық-аналитикалық және цифрлық құрамдас субқұзыреттіліктерін нақтылап көрсеткен. Осы компоненттерді жіктеу, анықтау үшін білім беру саласындағы тиісті құқықтық құжаттар (Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Кәсіби стандарт, оқу бағдарламасы) тізбектеліп терең зерттелген, солардың мақсат-мазмұнынан шығарылғаны ерекше назар аударады. Бұл құзыреттілік тек тілдік білім мен дағдылар жиынтығы емес, кәсіби медиақызмет жағдайында шеттілде тиімді әрекет ету қабілеті ретінде интерпретацияланған, яғни нақты коммуникативтік, ақпараттық және цифрлық әрекеттердің интеграциясын қамтиды.

Зерттеуде ұсынылған әдістемелік жүйе шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілікті кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған және жүйелілік сипатымен ерекшеленеді. Әдістемелік модель кәсіби бағыттылыққа негізделіп, оқу үдерісін болашақ журналистің нақты кәсіби қызметіне жақындатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар интерактивті оқыту, цифрлық технологияларды интеграциялау және бағалау арқылы мотивацияны арттыру қағидалары тиімді түрде жүзеге асырылған. Автор ұсынған тапсырмалар жүйесі студенттердің шеттілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін дамытуға бағытталған және оларды нақты медиаконтентпен жұмыс істеуге,

ақпаратты өңдеуге, жаңалық мәтіндерін құрастыруға және цифрлық ортада кәсіби коммуникация жүргізуге жетелейді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы шетгілдік медиакоммуникативті құзыреттіліктің құрылымын нақтылауда және оны қалыптастыруға бағытталған тұтас әдістемелік жүйені әзірлеуде көрініс табады.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс ғылыми-теориялық тереңдігімен, әдістемелік негізділігімен және тәжірибелік нәтижелілігімен ерекшеленеді. Зерттеу болашақ журналистердің шетгілдік медиакоммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін жүйелі түрде шешуге бағытталған толыққанды ғылыми еңбек болып табылады және Бейкутова Арайлым Муратбековна философия докторы (PhD) дәрежесін алуына толық лайық деп есептеймін.

**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
педагогика және психология институтының
аға оқытушысы, PhD**



С.Тлеубай